ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН ШЕШІМ

2024 жылғы 26 маусым №7119-24-00-2/6841 іс Астана қаласы

Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында төрағалық етуші судья Б. Алиев,
электрондық азаматтық істі оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қарап:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Қазақстан Республикасы Ұлттық ұланының 5573 әскери бөлімі» РММ

ЖАУАПКЕР:
Премиум жеке кәсіпкеріне басшысы Мусабаева Ж.

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 223-226-баптарын басшылыққа алып, **сот**

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы«Қазақстан Республикасы Ұлттық ұланының 5573 әскери бөлімі» РММ жауапкер Премиум жеке кәсіпкеріне басшысы Мусабаева Ж. мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тануды және тұрақсыздық айыппұлды өндіріп алу туралы талап арызын – қанағаттандырылсын.

Премиум жеке кәсіпкер басшысы Мусабаева Ж. мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

Жауапкер қысқартылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмесін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы. Арыз, егер жауапкер талап арызды алғаны және оның оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралғаны туралы тиісінше хабардар етілмесе және жауап бере алмаса, сондай-ақ шешімнің мазмұнына әсер етуі мүмкін дәлелдемелер болса беріледі.

Шешімге тараптар АПК-нің 403, 404-баптарының талаптарын ескере отырып, апелляциялық шағым беруге және осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілген болса, сот ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзімде апелляциялық шағым, наразылық беруі мүмкін.

Судья Б.Алиев

Құжатқа қол қойылған: Алиев Б. Т., 26.06.2024

Заңды күшіне енген күні: 05.08.2024, судья Джакупов А. К., 14.08.2024

7119-24-3-1/6249